

## Қостанай облысы Әуликөл ауданы Юльев ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Сұлукөл селолық округі әкімінің 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 7 қазанда № 6639 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы Сұлукөл селолық округі әкімінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы Сұлукөл селолық округі әкімінің 29.11.2017 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес және Әуликөл ауданының "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшы міндетін атқарушының 2016 жылғы 25 тамыздағы № 310 ұсынысы негізінде Сұлукөл ауылдық округінің әкімі

### **Ш Е Ш І М**

### **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Юльев ауылы аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Әуликөл аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

*Е. Ибраев*

"Әуликөл ауданы әкімдігінің  
ветеринария бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысының  
міндетін атқарушы

----- С. Ж. Туралин

"Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрлігі  
Ветеринариялық бақылау және  
қадағалау комитетінің Әуликөл  
аудандық аумақтық инспекциясы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

----- А. Т. Тайшибаев

"Қазақстан Республикасы Ұлттық  
экономика министрлігі  
Тұтынушылардың құқықтарын  
қорғау комитетінің Қостанай облысы  
тұтынушылардың құқықтарын қорғау  
департаментінің Әуликөл аудандық  
тұтынушылардың құқықтарын қорғау  
басқармасы" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

----- Е. Г. Дуйсенов